

Жұлдыздар
отбасы

№7 (43) Сәуір 2012 жыл

NEW

АНЫЗ адам



ҚОЖА

НАСЫР

(208—1284)

МАЗМҰНЫ:

КІРІСПЕ СӨЗ

- 5** Мәдина СЕРІКҚЫЗЫ:
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
САТИРАСЫНЫҢ АТАСЫ

ӨМІРБАЯН

- 6** ТҮРКІ ХАЛҚЫНЫҢ
ҚОЖАНАСЫРЫ

ҒАЛЫМНЫҢ СӨЗІ

- 9** Өмірхан ӘБДИМАНОВ:
ҚОЖАНАСЫР – АҚЫЛДЫ
ҚУ, АЛДАРКӨСЕ – ҚАЗАҚ
ӨМІРІНДЕГІ РОБИН ГУД

ІЗДЕНІС

- 11** Меруерт САТЫНБЕК:
«ДАЛА УӘЛАЯТЫ» ГАЗЕТІ
ҚОЖАНАСЫР ӨҢГІМЕЛЕРІН
ЖАРИЯЛАП ТҰРҒАН

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ

- 14** Қанат МОЛДАТАЕВ:
ТҮРКИЯДАН ҚОЖАНАСЫРДЫҢ
ҚЫЗДАРЫ МЕН НЕМЕРЕСІНІҢ
МАЗАР ТАСЫ ТАБЫЛҒАН

ЗЕРДЕ

- 18** Шамшәдин КЕРІМ:
АРАБ ҚОЖАНАСЫРЫ – ЖОҢА
ӨМІРДЕ БОЛҒАН ТҰЛҒА РЕТІНДЕ
ОРЫН АЛАДЫ

- 20** Әбдіуақап ҚАРА:
2012 ЖЫЛЫ ҚОЖАНАСЫРДЫҢ
ТУҒАНЫНА 804 ЖЫЛ ТОЛДЫ

- 23** Сейіт ҚАСҚАБАСОВ:
ІШКІ ЕРКІНДІГІ МЕН САБЫРЛЫ
РУХЫ ҚОЖАНАСЫРДЫ СҮЙІКТІ
КЕЙІПКЕР ЕТТІ

ӘДЕБИЕТТЕГІ БЕЙНЕСІ

- 25** Леонид СОЛОВЬЕВ
ҚОЖАНАСЫР

ТАНЫМ

- 26** Досмұхамед КІШІБЕКОВ:
ҚОЖАНАСЫР ӨҢГІМЕЛЕРІ
СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА ДА
ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТТІ

- 28** Төрәлі ҚЫДЫР:
ҚОЖАНАСЫР ӨЗ ҰСТАЗЫНАН
ҚАРҒЫС АЛҒАН

ТОЛҒАМ

- 29** Асқар ӘБДУӘЛИҰЛЫ:
ҚОЖАНАСЫРДЫ ЗЕРТТЕЙТІН
ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ ТАБЫЛМАЙ ТҰР

ІЗГІЛІК

- 30** Идрис ШАХ:
МОЛЛА НАСРЕДДИН –
ДӘРУІШТЕРДІҢ БАСШЫСЫ
ЖӘНЕ ҚҰПИЯ ҚАЗЫНАНЫҢ ИЕСІ

ҚАЗАҚ САТИРАСЫНЫҢ САРДАРЫ

- 31** ОСПАНХАН ӘУБӘКІРОВ

- 34** ШОНА СМАХАНҰЛЫ

САУАЛНАМА

- 36** ҚОЖАНАСЫР ӨҢГІМЕЛЕРІНІҢ
ӨМІРШЕНДІГІНІҢ СЫРЫ НЕДЕ?

ПАЙЫМ

- 40** Мұхан ИСАХАН:
ҚОЖАНАСЫРДЫҢ БИІК ӨРЕСІН
ТӨМЕНДЕТКЕН БІЛІМСІЗДІК ПЕН
НАДАНДЫҚ ЕДІ

- 41** Пазылбек БИСЕНБАЕВ:
ӘЛЕМНІҢ ЖАРАТЫЛУЫНА
КҮЛКІНІҢ БЫҚПАЛЫ БОЛҒАН
КӨРІНЕДІ

- 42** Жұпар ТАНАУОВА:
ҚОЖАНАСЫР СЫНДЫ
АҚЫЛҒАЙДЫҢ ҚАҒАРЛЫ ХАННЫҢ
ЖАНЫНДА БОЛУЫ – ТАРИХИ
ҚҰБЫЛЫС

САРАП

- 44** Жармұхаммед МАДАЛИЕВ:
ДҮНИЕЖҮЗІНДЕГІ ҚОЖАНАСЫР
ӨҢГІМЕЛЕРІН ЖИНАҚТАП,
ЗЕРТТЕУ ҚАЖЕТ

- 45** Бақыт ӘБЖЕТ:
АЛДАРКӨСЕ ЖИРЕНШЕНІҢ
ӘЙЕЛІ ҚАРАШАШҚА АЛДАНҒАН

ІЗБАСАР

- 47** Көпен ӘМІРБЕК:
ҚОЖАНАСЫР БІЗДІҢ АУЫЛДА
ЖҮР

- 48** Уәлибек ӘБДІРАЙЫМОВ:
ӨҢГІМЕЛЕРІ ҰМЫТЫЛҒАН КҮНІ
ӨЗІЛ ДЕ БІРГЕ ӨЛЕДІ

ТЕАТРДАҒЫ БЕЙНЕСІ

- 49** Оразхан КЕНЕБАЕВ:
ҚОЖАНАСЫР – ТҮРКІЛЕРДІҢ
БАСЫН БІРІКТІРУ ҮШІН ҚАЖЕТ
ТҰЛҒА

КИНОДАҒЫ БЕЙНЕСІ

- 50** Бақытжан ӘЛПЕЙІСОВ:
АЛДАРКӨСЕ ЕНДІ СІЗДІҢ
ҚАЛАҢЫЗҒА БАРАДЫ

- 50** Дәурен СЕРҒАЗИН:
АЛДАРКӨСЕНІҢ РӨЛІН
РАҚАТТАНЫП ОЙНАДЫМ



Мәскеу
қаласындағы
Қожанасыр
ескерткіші



Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
филология ғылымының докторы, профессор,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қазақ әдебиеті және
әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі:

ҚОЖАНАСЫР – АҚЫЛДЫ ҚУ, АЛДАРКӨСЕ – ҚАЗАҚ ӨМІРІНДЕГІ РОБИН ГУД

– Қожанасыр мен Алдаркөсе туралы
әңгімелердің әдеби-көркемдік
ерекшелігі қандай?

– Қожанасыр мен Алдаркөсе жайындағы әңгімелер – халықтың сан жылғы қазынасы. Қожанасыр – ақылды қу. Ол бәрін теріс істейді. Оның бұл әрекеті терісті терістеуден шығады. Яғни өзі сын нысанасына алған адамның теріс ісін көрсету үшін солай етеді. Ал Алдаркөсе – халықтың өзі тудырған күрескер бейне. Оның қаруы – алдау. Алдаркөсе қоғамдағы өзінен басқа ешкімді ойламайтын, ел-жұртына пайдасы жоқ, санасыз, сараң адамдарды алдау арқылы солардан кегін алады. Ол қазақ өміріндегі Робин Гуд тәрізді. Шәкен Айманов кәсіби режиссер ретінде «Алдаркөсе» фильмінде аңыз әңгімелердегі халыққа жақын Алдаркөсенің шынайы бейнесін көрсетті. Оның соқыр шалдың үйіндегі қызды құтқарып, оған қалыңмалын әкеп беруі, масайрап ән салып отырған байды итке талатуы – осының бәрін халық өзі ойдан шығарған.

Қожанасыр мен Алдаркөсе әңгімелері шағын болып келеді. Шағын болғанымен, түсінгенге астарында үлкен мән, терең ой жатады. Қожанасыр әңгімелері – қазақтың ежелден келе жатқан мысал жанрының бір түрі. Мысалдан данышпандық сөз туады. Мәселен, тілімізде мәтелге айналып кет-

кен «аспандағы еттің сасығы-ай» деген сөз бар. Мұндай мысалдар ежелгі грек мысалшысы Эзоп, Федр, римдік Бабрий, кейінгі Лафонтенде де бар. Эзоптың бір тәмсілі бойынша, бір мысық жүзімдікте жүгіріп келе жатып уылжып піскен жүзімді көреді де, оны алуға ұмтылады. Бойы жетпеген соң, «өй, өзі бір шіріп кеткен жүзім екен» деп ары қарай кете барыпты. Осыны қазақ Эзоптан үйреніп пе? Қазақ әңгімесінде шаңырақта тұрған етке ұмтылған мысық оны ала алмағаннан кейін «өй, өзі бір сасып кеткен ет екен» депті. Міне, осындай мысалдардан тәмсіл шығады. Тәмсілден ой туып, мақал-мәтелге айналады. Сол сияқты Қожанасыр мен Алдардың айтқандары да халыққа қысқа әңгіме түрінде жетіп, канатты сөзге айналып кеткен.

– Алдаркөсе мен Қожанасыр
бейнелеріне сипаттама берсеңіз.

– Алдаркөсе мен Қожанасыр – халық ойынан туған образдар. Олар өмірде болған күнде де бүгінге дәл сол қалыптарында жеткен жоқ. Халық олардың айтқандарын елеп-екшеп, өндеп, екеуін керемет кейіпкерге айналдырған. Алдаркөсе қазақтың төл баласы іспетті. Оны өтірікші деп түсінбеген жөн. Алдау дегеніміз – символ ғана. Өтірікші мен алдаудың арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Алдау – Робин Гуд сияқты кейіпкерлердің күрес құралы. Ол – символика. Алдау арқылы халықтың кегін алатын кейіпкер. Ал Алдаркөсе – халықтың қаһарман тұлғасы. Егер ол алдау арқылы арамдық әрекеттерге бейімделетін болса, халыққа жат кейіпкер болар еді. Ендеше, оның алдауы – керісінше, халыққа пайда-сын тигізудің әрекеті. Қожанасыр да солай. Қожанасырдың Алдардан өзгешелігі – ол аңқау адам сияқты көрінеді. Алайда оның аңқаулығының астарында халықтың пейілі жатыр. Мәселен, «Қарға мен түлкі» мысалын жазған И.Крылов, Абай, Ахмет Байтұрсыновтың кейіпкерлері үш түрлі. Крылов пен Абайда қарғаны мазақтап, түлкінің қулығына риза боп отырасыз. Крылов өзінің төл туындысын жазарда Хвостов атты графтан ақша сұрап барады. Ақша сұраудың алдында оны келістіріп мақтайды. Яғни оның көңілін әбден

ҚАЙСЫСЫҢ ҮЛКЕНСІҢ?

Бала кезінде Қожадан біреу:
– Бауырыңмен екеуіңнің қайсысың үлкенсің? – деп сұрапты.

Қожа сонда:

– Шешем былтыр бауырың сенен бір жас үлкен деп еді, енді екеуіміз жасты болған шығармыз, – депті.

АТЫҢА ЛАЙЫҚ ҚАТТЫЛЫҒЫҢА ТАРТҚАНЫҢ ДА...

Бірде Ақсақ Темір Қожаса:

– Қожасеке, бүгін мен бір көңілденіп отырғаным. Саған бірдеңе сыйлағым келеді. Бірақ сенің қу жаның нені қалайтынын білмей отырмын, – дейді.

– Әміріңе құлдық, – дейді Қожа. – Сен не берсең де маған ұнайды ғой.

– Жарайды, – дейді Темір, – онда мен сыйға берілетін дүниелерді атап өтейін, сен соның ішінен қалағаныңды алғайсың: он алтын теңге, бір ат, бір қора қой, бір бақша – қане, осының қайсысын аласың?

– Сен алда-жалда менің шын көңіліммен нені қалайтынымды білгің келсе, мен сенің нағыз әділ де жо-март болғаныңды қалар едім.

– Бұл сөзіңнің мәнісі қалай, қайтсем мен сондай патша бола алам?

– Оның мәнісі былай, – дейді Қожа, – ол оп-оңай: сен он алтын теңгені менің жанқалтама салып, атқа мінгізіп, бір қора қойды бақшаға қарай айдапты жіберсең, сенен асқан жо-март, сенен асқан әділ патша болмай-ды бұл дүниеде.

– Дәмең зор-ақ екен! Ал түк берме-сем ше? – дейді Темір.

– Несі бар, онда атыңа лайық қаттылығыңа тартқаның да, – депті Қожа.

ҚАЙДАН БІЛДІҢ?

Бірде Қожа көшеде бір досына кездесіп:

– Сүйінші бер, әйелім босанды, – дейді. Досы қуанып:

– Бауы берік болсын! Ер бала ма? – деп сұрайды.

– Жоқ, ер бала емес, – дейді Қожа.

– Бәрібір қуанышыңа ортақпын, қыз бала екен ғой.

Сонда Қожа таңырқап:

– Қыз бала екенін сен қайдан білдің? Мен саған айтқан жоқпын ғой, – депті.

ОЛАЙ БОЛМАСА, БЫЛАЙ БОЛСЫН

Бір күні Қожаса үш адам келін:

– Қожасеке, біз үшеуіміз дос-жар адамдармыз, үшеуара төрт тиын ақшамыз бар, соны бөлісе алмай алдыңызға келіп тұрмыз. Бір амалын тауып бергейсің, – дейді.

Сонда Қожа:

– Бұл төрт тиынды бөліп екеуің алыңдар, біреуің қолға тағыз екі тиын түскенше күте тұрсын. Олай болмаса, былай болсын: бір тиынды мен алай-ын, сонда үшеуіңе бірдей бір-бір тиын қалады, – депті.